

**«Көктем келбеті керемет...»  
облыстық фотосуреттер сайысының  
ережесі**

**1. Негізгі ереже.**

1.1. Бұл ереже ұйымның және облыстық фотоконкурстың негізгі ережесін анықтайды.  
(кейін-Конкурс)

1.2. Конкурс ұйымдастырушылары - М.М.Катаев атындағы облыстық Оқушылар Сарайы, Павлодар облысының «Жас Ұлан» балалар-жасөспірімдер ұйымы ұйымдастырып. талантты бастамашы фотографтарды қолдайды.

1.3. Сайыс 2017 жылдың 15 сәуірінен 15 мамырға дейін жалғасады. Сайысқа өтініштер 13 мамырға дейін қабылданады.

1.4. Сайысқа қатысып, жүлделі орындарға ие болған қатысушылар (фотосуреттер авторлары) электрондық пошта арқылы дипломдарға ие болады, конкурстың барлық қатысушыларына электрондық сертификаттар табысталады.

1.5. Сайысқа қатысу тегін.

**2. Мақсаты:**

2.1. Талантты бастамашы фотографтарды анықтап және қолдау үшін өткізіледі.

2.2. Міндеттері:

- фотосуреттермен шұғылдануға баулу;
- табиғатты суретке түсірер кезінде эстетикалық талғамдарын дамыту;
- туған елдің табиғатын қорғауға баулу;
- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

**3. САЙЫС ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫ:**

3.1 «Сенің әлемің- Твой мир» облыстық балалар-жасөспірімдер газетінің редакциясы және газеттің редакторлары Аипова Асем Сериковна және Даирбаева Варвара Александровна.

**4.САЙЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР**

4.1. Сайысқа облысымыздың білім беру ұйымдары қатыса алады.

4.2. Сайыс келесі жас ерекшелік санаттары бойынша өткізіледі:

кіші жас ерекшелік санаты - 7 ден 10 жасқа дейін;

орта жас ерекшелік санаты - 11 ден 14 жасқа дейін;

жоғары жас ерекшелік санаты - 15 тен 18 жасқа дейін.

**5. САЙЫСҚА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ**

5.1. Сайыс тақырыбы: «Көктем келбеті керемет...».

5.2. Сайысқа тек қана жеке жұмыстар қабылданады.

5.3. Сайысқа А4 форматында , түрлі-түсті қағазда баспа түрінде фотосуреттер қабылданады.  
(ақ-қара түсті фотосуреттер қабылданбайды).

5.4. Фотосуреттерді редактор бағдарламасында өңдеуге болмайды.

5.5. Бір автордан бір сурет қабылданады.

5.6. Сайысқа жұмыстар 2017 жылдың 15 сәуірінен 15 мамырға дейін Павлодар қаласы, 1 Мая 27, М.М.Катаев атындағы Облыстық Оқушылар сарайы, 225 каб, Сайыс қортындысы 2017 жылы, 15 мамырда белгілі болады.

5.7. Сайысқа түсетін өтініштер фотосуреттерге тіркеледі. (1 қосымша).

5.8. Барлық фотосуреттер көшірмелері интернет желісінен алынса, толық тексерістен өтеді. Ал интернеттен көшірілген фотосуреттер конкурсқа қабылданбайды.

5.9. Конкурс фотосуреттері авторлық заңға сәйкес авторлық сақталу жұмысының ұйымдастырушылардың қалауы бойынша пайдалануға болады.

## 6. САЙЫС ҚОРТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

6.1. Павлодар облысының атақты суретшілері және фотографтары сайыс жұмыстарын тексеріп және жеңімпаздарды анықтайды.

6.2. Шығармашылық жұмыстарды бағалау: Сайыстың тақырыбына сай болу, орындау сапасы, фотосуреттің ерекше болуы,қызықты түсірілімі болу керек.

6.3. Конкурс жұмыстарын қарастыру 2017 жылы 15 мамырда болады.

6.4. Сайыс қортындысы бойынша жеңімпаздар (I, II, III орынға) жас ерекшелік бойынша дипломдарға ие болады. Қатысушылар сертификаттарға ие болады

6.5. Жеңімпаздардың толық есімдері М.М.Катаев атындағы Облыстық Оқушылар сарайының сайтында <http://dshk.kz/index.php/ru> және «Твой мир – Сенің әлемің» газетінің мамыр айында шығатын нөмірінде белгілі болады.

6.6. Ұйымдастыру комитеті сайысқа келген жұмыстарды «Твой мир – Сенің әлемің» газетінде және де басқа да БАҚ беттеріне жариялай алады.

6.7. Марапаттау 2017 жылы 19 мамырда болады.

7.Байланыс тұлғалар:

Даирбаева Варвара Александровна, М.М.Катаев атындағы Облыстық Оқушылар сарайының педагогы, 32-85-06, 8-777-864-49-39.

Аипова Асем Сериковна, М.М.Катаев атындағы Облыстық Оқушылар сарайының педагогы, 32-85-06, 8-707-259-58-74.

**№ 1 қосымша**  
«Көктем келбеті керемет...»  
облыстық фотосуреттер сайысының  
ережесіне қосымша

**«Көктем келбеті керемет...»  
облыстық фотосуреттер сайысының ережесі**

**Қатысушы туралы мәлімет**

<p>Жұмыс атауы Аты,жөні тегі Туған айы,жылы,күні, жасы Байланыс телефоны E-mail (міндетті түрде)</p>	
--	--

**Сайысқа қатысушының ұйымы, мекемесі**

<p>Мекеменің толық атауы Мекен-жайы Телефон</p>	
---	--